

**"Алматы қаласында жарнама ақпараттық өнімдерді орналастыру тәртібін бекіту туралы" І-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1998 жылғы 30 қыркүйектегі XXII сессиясының шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

II сайланған Алматы қаласы Мәслихатының XXV сессиясының 2003 жылғы 11 маусымдағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2003 жылғы 26 маусымда N 540 тіркелді. Күші жойылды - III сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XIX сессиясының 2005 жылғы 18 қарашадағы N 199 шешімімен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 7 бабына сәйкес және Алматы қаласы Әкімінің ұсынысы бойынша II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ :**

1. "Алматы қаласында жарнама ақпараттық өнімдерді орналастыру тәртібін бекіту туралы" І-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1998 жылғы 30 қыркүйектегі шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 27.02.2003 жылғы XXIV-сессиясында қабылданған шешімі қайта бекітілсін

2. "Алматы қаласында жарнама-ақпараттық өнімдерді орналастыру тәртібін бекіту туралы" I - сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1998 жылғы 30 қыркүйектегі XXII-сессиясының шешімінің қосымшасына төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1 б а п қ а :

**- бірінші азат жол мына редакцияда мазмұндалсын:**

"с ыртқы (көрнекі) жарнама - белгіленбеген тұлғалар және олардың қызығушылығын туғызуға немесе қолдауға арналған плакаттар, стенд, шамды табло, биллбордтар, транспаранттар, жарқағаздар мен басқа да заңды және жеке тұлғалар, тауарлар, идеялар мен бастамалар туралы жарнама мен ақпарат орналастыратын нысандар түрінде таратылады. Өз меншігі шеңберінде орналастырылатын ғимарат, көлік құралы не жер меншік иесі болып табылатын кәсіпорын туралы және (не) ол өндіретін тауарлар және ол көрсететін қызметтер туралы жарнама-ақпараттық өнім сыртқы (көрнекі) жарнама болып табылмайды және төлем алынбайды. Басқа заңды немесе жеке тұлғалардың меншік нысандарында орналастырылатын кез-келген қосымша сыртқы ақпарат (заңды немесе жеке тұлға туралы, олардың тауарлары, идеялары мен қызметтері туралы)

сыртқы (көрнекі) жарнамаға жатады":

"Темекі және алкогольдік бұйымдар жарнамасы денсаулық сақтау және халыққа білім беру мекемелерінен кемінде 100 метр қашықтықта орналасуы тиіс (мектепке дейінгі мекемелер, мектептер және т.б.)".

**- Үшінші азат жол мына редакцияда мазмұндалсын:**

"*жарнаматаратушы* - мүлікті, соның ішінде техникалық құралдарды беру мен пайдалануды немесе басқа амалмен жарнамалық ақпаратты (жарнамалық бейнені ) орналастыруды және таратуды іске асыратын заңды немесе жеке тұлға";

**- бесінші азат жолда "Жарнама - ақпараттық өнімдері** қаланы көркемдік-эстетикалық безендіру элементі болып табылады және жарнама - ақпараттық өнімдер түрінде беріледі:" сөздері алынсын, олар "сыртқы (көрнекі) жарнама жарнамалық бейнесі немесе жарнамалық бейнелері бар жарнамалық құрылғылар - жарнама - ақпараттық өнімдері (нысандары) түрінде таратылады:" сөздерімен ауыстырылсын, "- әуе шараларындағы жарнама" сөздерінен кейін " қала көлігіндегі жарнама" сөздері алынсын, олар "- көлік құралдарының сыртқы жағындағы стационарлық жарнама" сөздермен ауыстырылсын, әрі қарай мәтін б о й ы н ш а .

**II баптың 3.5 тармағы мынадай редакцияда мазмұндалсын:**

"Сыртқы (көрнекі) жарнама үшін ақының мөлшерлемелері ҚР "Салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер туралы" Кодекске сәйкес алынады"

*II-сайланған Алматы қалалық  
Мәслихаты XXV-сессиясының*

*төрағасы*

*II-сайланған Алматы  
қалалық Мәслихатының*

*хатшысы*